«Астана Тазалық» тұрғындардың алғысына бөленуде

3-БЕТ

Ұлы сезімнен басталған отбасының ұрысқа бола бұзылатыны өкінішті

5-БЕТ

Цифрлық медиация: жедел әрі ыңғайлы

8-БЕТ

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ» БІЗГЕ 30 жыл 1994-2024

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru
№94 (3723)
6 желтоқсан 2024

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

2 МИЛЛИАРДТАН АСТАМ АДАМ САПАЛЫ АУЫЗ СУҒА ЗӘРУ

Ел Президенті Сауд Арабиясының астанасында өткен One Water саммитіне қатысты.

Жиында сөз алған Қасым-Жомарт Тоқаев су қауіпсіздігі орнықты дамудың, экономикалық өрлеудің және қоршаған ортаны қорғаудың негізі болып саналатынын атап өтті.

(Соңы 2-бетте)

• КӨКЕЙКЕСТІ

ЭКОЖҮЙЕ ЕЛДІ АЛАҢДАТЫП ОТЫР

Еліміздің көмірсутек ресурстарының қоры таусылуға таяу. Таяудағы 15 жылда оның түбі көрініп қалады. Өйткені, Қазақстанда геологиялық барлаудың қазіргі қарқыны мұнай өндірудің деңгейінен аз. Мәселен, соңғы бес жылдағы мұнай қорларының өсімі орта есеппен 73 млн тонна болса, оны өндіру көлемі 80 млн тоннаға жетті. Яғни, мұнай қорының толығуынан, өндіруіміз қазірдің өзінде 7 млн тоннаға артық. Бұл – мұнай-газ саласындағы зерттеу жұмыстары мен өндірудің арасындағы дисбалансты нақты көрсетіп отыр.

Бұл жөнінде Мәжілісте айтылды. Парламенттің төменгі палатасында «Ағымдағы қызмет және мұнай саласының даму перспективалары» деген тақырыпта Үкімет сағаты өткен болатын. Жиында қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевтің алдағы 8 жылда мұнай өндіруді 56 процентке көтеріп, 28 млн тоннаға жеткізу жоспарының орындалуына нақты деректерімен күмән келтірді. Депутаттың айтуынша, геологиялық барлаудың қазіргі баяу қарқыны мен мұнай өндірудің бүгінгі деңгейі сақталар болса, таяудағы 15 жылда еліміздің көмірсутек ресурстарының қоры таусылатыны анық.

Дұрысында мұнай-газ қорларымыз, өндіруден кемі 1,5 есеге артық болуы тиіс. Қазақстанда көмірсутектердің жаңа кен орындарын ашу үшін бізде қажетті әлеует бар. Геологтар елімізде 76 млрд тонна болжамды отын ресурсы бар және түрлі дәрежеде зерттелген 15 шөгінді бассейнді бөліп көрсеткен болатын. Алайда, 30 жыл ішінде 2021 жылы бір ғана жаңа мұнай кен орны ашылды.

Шын мәнінде еліміздің мұнай-газ саласы әлемдегі трендтер мен Мемлекет басшысының алдымызға қойған стратегиялық міндеттерін ескере отырып жұмыс жасауы қажет. Өйткені, дилемма бар. Бір жағынан Қазақстанның жалпы әлемдік парниктік газ шығарудағы үлесі 0,56 пайыз болса да, еліміз «Париждік келісімді» ратификациялап, «Глобалды метан инициативасын» қолдады. Яғни, біз парниктік газдарды азайтып, көміртектік бейтараптыққа бағыт алып, «жасыл энергетиканы» дамытамыз деп жарияладық.

(Соңы 3-бетте)

• НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

КРИПТОВАЛЮТАСЫ БАР АЗАМАТТАР ҮЛЕСІ 8 ПАЙЫЗҒА ЖЕТТІ

Орталық Азия және Кавказдың цифрлық қаржы активтері нарығына жасалған талдау қорытындысы жарияланды. Оны RISE Research пен Freedom Horizons «Астана» халықаралық қаржы орталығы, Қазақстанның Ұлттық төлем корпорациясы, Mastercard, KPMG Caucasus and Central Asia қатысуымен жүргізген болатын.

Зерттеу қорытындысына қарағанда: 2022 жылы Қазақстан халқының 4 пайызға жуығы криптовалюталарға иелік еткен. 2024 жылы бұл көрсеткіш 8 пайызға дейін жетті. 2024 жылдың 8 айында АХҚО цифрлық активтерінің лицензияланған провайдерлерінен салық түсімдері 367 мың долларды құрады. Ал 10 айда майнингтен түскен түсімдер 10,4 млн долларға жетті.

2024 жылдың қаңтар мен қазан айлары аралығында АӨҚО криптобиржаларында операциялар көлемі 815 млн долларды құрап, тіркелген пайдаланушылар саны 140 мыңнан асты. Қазақстандық криптоинвестордың орташа портреті де анықталды. Олар негізінен 18-34 жас аралығындағы ер адамдар.

CEO Freedom Horizons өкілі Қайрат Қалиевтің айтуынша, Орталық Азия мен Кавказ елдеріндегі криптоиндустрия жаһандық трендке сәйкес тұрақты түрде өсіп келеді. Өңірде тек криптовалюталар саудасын ғана емес, сонымен қатар блокчейн негізіндегі жаңа бизнес-модельдерді дамытуға мүмкіндік беретін нормативтік-құқықтық база қалыптасты. Бұл зерттеу нарық қатысушыларына өңірдің әлеуетін, негізгі үрдістері мен кедергілерін тереңірек түсінуге көмектеседі, әсіресе виртуалды активтерге деген қызығушылықты арттырады.

«Криптовалюталар мен цифрлық активтер Қазақстанның қаржы жүйесін трансформациялауда шешуші рөл атқарады. Инновацияларды ілгерілету және сенімді реттеуші базаны құру арқылы біз инвестицияларды тартуға және экономикалық өсуді жеделдетуге ықпал ете отырып, Қазақстанға цифрлық қаржы саласындағы өңірлік көшбасшы мәртебесін бекітуге ұмтыламыз», – дейді Лицензиялау және қаржы технологиялары офисінің (AFSA) басқарушы директоры Еркеғали Еденбаев.

Қазақстан Ұлттық банкі төрағасының кеңесшісі, ҮКК Директорлар кеңесінің төрағасы Бинур Жаленовтың пайымдауынша, цифрлық валюталар дәстүрлі қаржы әлемі мен орталықтандырылмаған технологиялар арасындағы маңызды «көпір» бола алады, күнделікті өмірде цифрлық активтерді пайдаланудың қауіпсіз және ыңғайлы әдісін қамтамасыз етеді және екі қаржы әлемінің синергиясына ықпал етеді.

(Соңы 5-бетте)

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

2 МИЛЛИАРДТАН АСТАМ АДАМ САПАЛЫ АУЫЗ СУҒА ЗӘРУ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Әлемде 2 миллиардтан астам адам сапалы ауыз суға жарымай отыр, ал 4 миллиардтан астам халық су тапшылығына ұшырады. Адамзаттың орнықты келешегін қамтамасыз ету үшін әлем елдері қазіргі сын-қатерлерге қарсы ортақ үн қатуы қажет. Орайлы сәтті пайдалана отырып, су тапшылығымен бетпе-бет келген елдер мен өңірлердің барлығына көмек көрсету жоспарын жариялағаны үшін Жоғары Мәртебелі Королькe шынайы ризашылығымды білдіремін. Жер аумағы көлемді және теңізге шығатын жолы жоқ ел ретінде Қазақстан судың қадірін анық сезінеді. Су таусылмайтын ресурс емес. Мұны өз басымыздан өткерген жағдайдан білеміз. Судың да сұрауы бар. Оны үнемдеп пайдалану керек. Сонда ғана адамзат өркендеу жолына түседі, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті су қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған шараларды бірлесіп қабылдауға шақырды.

– Барша адамзат, әсіресе шалғайда тіршілік етіп жатқан тұрғындар мен халықтардың осал тобы санитарлық талаптарға сай келетін таза ауызсуға қол жеткізуге тиіс. Бұл – олардың құқы – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев суға байланысты туындайтын табиғи апаттардың алдын алу су қауіпсіздігінің маңызды бөлігі саналатынына назар аударды. Жыл сайын су тасқыны мен қуаңшылықтан әлемде 1,5 миллиардтан астам адам зардап шегеді. Әсіресе, бұл шағын аралдар мен жағалауда тұратын халықтың әлсіз топтарына қатты әсер етеді. Президент азаматтарды қорғау және қауіп-қатерді азайту мақсатында ерте сақтандыру жүйесін жетілдіру өте өзекті деп санайды. Сондай-ақ су тапшылығы азық-түлік және энергетика қауіпсіздігіне, өнеркәсіп өсіміне қауіп төндіреді.

– Суда шекара болмайды. Ол қоғамдастықтар мен экожүйелерді байланыстырады. Қазақстан Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде аймақтық ынтымақтастық пен бірлескен іс-қимылдың ілгерілеуіне қолдау көрсетеді. Біздің ойымызша, климаттың өзгеруімен күрестің алдыңғы шебінде жүрген мемлекеттердің диалогты жандандырып, халықаралық ықпалдастықты дамытуы және суға қатысты жобаларды жүзеге асыру үшін ресурстарын жұмылдыруы өте өзекті. Осы мақсатқа сәйкес, Қазақстан бүгін жаһандық су дағдарысын шешуге мүдделі тараптарды біріктіретін және су ресурстарын басқару ісінде жаңашылдықты жақтайтын One Water Vision коалициясына ерекше ықыласпен қосылды. Еліміз 2026 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен Өңірлік климат конференциясын өткізеді, – деді Президент.

Саммитте Сауд Арабиясының тақ мұрагері, Премьер-Министрі Мұхаммед бен Салман Әл Сауд, Франция Президенті Эммануэль Макрон, Дүниежүзілік банк тобының президенті Аджай Банга, Су ресурстары экономикасы жөніндегі жаһандық комиссияның тең төрағасы (GCEW) Йохан Рокстрем, сондай-ақ басқа да елдердің басшылары, халықаралық ұйымдардың, қауымдастықтар мен компаниялардың жетекшілері сөз сөйледі.

Ақорданың баспасөз қызметі

• БАҒДАР

Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев Жоғары Сот органының кезекті жалпы отырысын өткізді. Жиында соттың әкімшілік істер бойынша қаулылары, Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстер бойынша нормативтік қаулыға (НҚ) өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы жобасы ұсынылды.

НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫ БІРЫҢҒАЙ ТӘЖІРИБЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Жоғарғы Сот судьясы Ғабит Әлжанов Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс бойынша алғашқы НҚ-ны таныстырды. Бұл қаулы бірінші сатыдағы соттың ережелері бойынша ұқсас әкімшілік істерді жоғары тұрған соттарда қараудың қолданылуын қарастырады. Сондай-ақ сот шешімінің нысаны мен мазмұнын, оның ішінде шешімнің түрі бойынша, сот актісінде көрсетілетін соттың процестік әрекеттерін, іске мамандарды немесе басқа адамдарды тартуды түсіндіреді.

Жоғарғы Сот судьясы Нұржан Жолдасбеков өз сөзінде, Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық-процестік кодекс туралы НҚ жобасы адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі іс-шаралар жоспарын және Мемлекет басшысының жолдауын жүзеге асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-қимыл жоспарын іске асыру шеңберінде әзірленгенін атап өтті. Онда ақталған адамға тек ақталғанға дейін ғана емес, сондай-ақ оның құқығын қалпына келтіруге байланысты заң көмегіне жұмсалған шығындардың өтелетіні түсіндірілді. Қалпына келтіруге жататын басқа қорлар мен кірістер нені білдіретіні көрсетіледі. Адам өмірі мен денсаулығына қарсы, оның ішінде биыл маусым айынан бастап Қылмыстық кодекске енгізілген кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшеліктері анықталды.

Экологиялық құқық бұзушылықтарға қатысты практика мәселесі бойынша жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, оның ішінде тыйым салынған жануарларды, киіктерді заңсыз өндіру (аулау немесе ату) әрекеттерін тек ҚК-нің 339-бабы бойынша саралау қажеттігі түсіндірілді.

Жоғарғы Сот судьясы Еркеш Мәукен нормативтік қаулыларға тиісті өзгерістер мен толықтырулар ең алдымен заңнамадағы өзгерістерге байланысты және сот практикасын реттеу мақсатында енгізілетінін атап өтті. Сот практикасында әрқашан ӘҚБтК-нің 608-бабын қолдануға қатысты сұрақ туындайды. Осыған байланысты НҚ соттың шешімі бойынша көлік құралын басқару құқығынан айырылған адамға қатысты заңның орындалуын түсіндіреді.

Жалпы отырысқа қатысушылар НҚ қабылдау үшін дауыс берді.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

• ОҢ ҚАДАМ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Ел Конституциясының 24-бабы 4-тармағына сай әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

Қ.МАНАП,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы

Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» заңының 32-бабы 4-тармағында шұғыл, күні бұрын болжанбаған жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақытынан тыс істелетін жұмысқа, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа тартылуы мүмкін деп белгіленген. Бұл ретте, мемлекеттік қызметшіге болжанбаған жұмысты атқарғаны үшін демалыс күндері беріледі немесе өтемақы төленеді. Еңбек кодексінің 108-бабының талабы бойынша, жұмыскерге үстеме жұмыс істегені үшін ақы төленеді немесе тынығу сағаттары беріледі. Бұл ретте, үстеме жұмыстарға тарту үшін жұмыскердің жазбаша келісімі қажет.

Егер мемлекеттік қызметші үстеме жұмысқа тартылса, онда мемлекеттік қызметшінің келісімі және тиісті мекеме басшысының бұйрығы болуы қажет.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшінің үстеме жұмысы бойынша тиісті құжат болмаған жағдайда, яғни (бұйрық, мемлекеттік қызметшінің келісімі) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 89-бабына сәйкес, лауазымды тұлғаға (бөлім немесе мекеме басшысы) бірінші ескерту түрінде хаттама толтырылады, дәл сондай іс әрекет бір жылда қайталанатын болса 40 АЕК көлемінде айыппұл салынады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2023 жылғы 29 мамырдағы №121 бұйрығына сәйкес, агенттіктің аумақтық департаменттері мемлекеттік органдардың жұмыс режимін сақтауына тұрақты мониторинг жүргізеді. 2024 жылдың 3 тоқсанында Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаменті үстеме жұмысқа заңсыз тарту фактісі бойынша мониторинг жұмыстарын жүргізді. Шара барысында жергілікті атқарушы органдар басшыларына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 89-бабына сәйкес, ескерту түрінде әкімшілік хаттамалар толтырылып, 15 мемлекеттік қызметкерге үстеме жұмыс кезеңдері үшін демалыс сағаттары беріле отырып, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Сонымен қатар, департамент тарапынан қашықтан жүргізілген мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту бойынша мониторинг нәтижесінде 40 мемлекеттік қызметшінің заңсыз үстеме жұмысқа тартылғаны анықталды. Соған орай, орын алған бұзушылықтарға жол бермеу және қызметшілер құқығын қалпына келтіру бойынша әкімдік басшылығына ұсыныс енгізе отырып, мемлекетік қызметшілерге тынығу сағаттарын беру арқылы бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мемлекеттік орган басшылары еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет ету үшін қауіпсіз және қажетті жағдай жасауға, қызметшілердің арнамысы мен қадір-қасиетін қорғауға, қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасауға бағытталған шаралар қабылдауға тиіс екенін атап өткен жөн. Жалпы, мемлекеттік қызметшілердің конституциялық құқығы мен мүддесін қорғау мәселесі басты назарда, ол барлық мемлекеттік органдардың назарында болуы керек деп есептеймін.

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ҚАЛАУША БЕГАЛИЕВ – ПРОКУРАТУРА ТАРИХЫНДАҒЫ АЙТУЛЫ ТҰЛҒА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және заң факультеттері бірлесіп белгілі қазақ заңгері және мемлекет қайраткері Қалауша Әділханұлы Бегалиевті еске алуға арналған халықаралық деңгейде дөңгелек үстел өткізді.

Шараны Тюркология және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының атқарушы директоры Н.Шаймерденова жүргізді. Ол жиын барысында ғалым, педагог, прокурор Қ.Бегалиевтің өмірі мен қызметінің негізгі қырларын атап көрсетті. Дөңгелек үстел «Қазақстан құқықтық жүйесінің заманауи проблемалары» және «Қалауша Бегалиев – практик және ғалым» деген екі бағытта өрбіді.

Дөңгелек үстелді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Еркін Дүйсенов ашты. Ол ғалым және педагог, белгілі заңгер, прокурор, заң ғылымының докторы, профессор, ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Қалауша Бегалиевтің ғылымға сіңірген еңбектерін атап өтті.

Қалауша Бегалиев – қазақстандық прокуратура тарихындағы айтулы тұлғалардың бірі. Талантты басшы, сан қырлы дарыны бар кәсіпқой маман, шынайы прокурор және үлкен ғалым. Отыз жылға жуық уақытын қадағалау органдарындағы қызметке арнады, оның жиырма жылында Бас Прокурордың орынбасары лауазымын атқарды. Дөңгелек үстел кезінде ғалым өмірінің маңызды белестері туралы деректі фильм көрсетілді.

1986 жылы Қ.Бегалиев С.Киров атындағы мемлекеттік университеттің қылмыстық іс жүргізу кафедрасына қызметке ауысып, он төрт жыл жетекшілік етті. 2001 жылдан бастап өмірінің соңғы жылына дейін университетте оқытушы болды және университет ғылыми кеңесінің шешімі бойынша берілген сот билігі және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының Құрметті меңгерушісі атағын алып жүрді. 2006 жылдың 26 маусымында бақилық болды.

Профессор, ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология факультетінің деканы Баян Жолдасбекова Калауша Әділханұлы өмірінің басты белестеріне, кәсіби және ғылыми қызметіне жан-жақты тоқталды. Атап айтқанда, оның ғалым және жоғары мектеп ұстазы дарыны жарқырай ашылған ҚазҰУ-дегі педагогтік қызметіне жіті назар аударды. «Қалауша Бегалиев – заң ғылымындағы іргелі теориялық білімі, орасан зор өмірлік тәжірибесі бар ғалым. Қылмыстық іс жүргізу және прокурорлық қадағалау бойынша заң фаультетінің тағылымы мол профессорының терең де мазмұнды дәрістері студенттерге айрықша әсер етті. Оның қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы әңгімелері тыңдаушыларды ерекше баурап алатын», – деп атап өтті Баян Өмірбекқызы.

Заң факультетінің деканы У.Ахатов Қ.Бегалиевтің заң ғылымын дамытудағы зор үлесі туралы әңгімеледі.

Аталмыш жиында Қалауша Бегалиевтің ұлы, Алматы қаласы адвокаттар алқасының адвокаты, отставкадағы судья Нариман Калаушаұлы және оның зайыбы, профессор Сәуле Баязқызы сөз сөйледі.

Қалауша Әділханұлын дүйім жұртшылық әрдайым жақсы лебізбен еске түсіреді және құрмет тұтады.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры
О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кәсіподағы төрағасының орынбасары

• КӨКЕЙКЕСТІ

ЭКОЖҮЙЕ ЕЛДІ АЛАҢДАТЫП ОТЫР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екінші жағынан 2029 жылға дейін ішкі жалпы өнімді 450 млрд АҚШ долларына, Ұлттық қордағы активтерді 100 млрд АҚШ долларына жеткізу міндеті тұр. Яғни, экономикамыздың қазіргі драйвері – мұнай-газ өндірісін дамытпай, бұл көрсеткіштерге жету мүмкін емес. Өйткені, еліміздің негізгі қаржылай әрі экономикалық ресурсын – мұнай-газ саласы қамтамасыз етеді. Мысалы, республикалық бюджетке жалпы түсімдердің шамамен 30 пайызын, ал нақты салықтық түсімдердің 50 пайыздан астамын қамтамасыз ететін және Ұлттық қорға да жалғыз қаржы аударатын мұнай-газ кешені. Олай болса еліміздің отын-энергетика саласында «өгізді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын» қағидатты ұстанған жөн.

Өкінішке қарай, бұл салада әлі де қордаланған мәселелер жеткілікті. Еділ Терекбайұлы өз баяндамасында солардың бірнешеуін атап көрсетті. Басты мәселе жоғарыда аталып өткен геология. Бүгінгі таңда мемлекет есебінде 348 көмірсутек шикізатының кен орны бар. Сондай-ақ, еліміздегі мұнай қорының жалпы көлемі – 4,3 млрд тонна. Бұл ретте көмірсутек шикізаты қорының 72 пайызы «Теңіз», «Қашаған», «Қарашығанақ» сияқты ірі кен орындарының үлесінде. Ал, алдағы 10-15 жылдан кейін осы үш ірі кәсіпорында мұнай-газды өндіру көлемі төмендейтіні анық. Оған қоса, игерудің кеш сатысындағы кен орындарында мұнай-газ өндіру тіпті азаяды, кейбірі жұмысын тоқтатады. Елімізде сонау академик Сатпаевтың кезеңіндегідей, тәуелсіздіктің соңғы 25 жылында жүйелі, масштабты геологиялық зерттеу-барлау жұмыстары жүргізілген жоқ. Шын мәнінде бізде тауарлық-материалдық қорларды толтырудың, өндірісті ұлғайтудың және жоғары табыс табудың нақты мүмкіндіктері бар. Бірақ оларды пайдалану қиын болып отыр. Оған себеп, елдің экономикасына едәуір үлес қосатын қазба-байлықтарымызды дамыту саласы тұралап, оның мүмкіндіктері шектелуде, Яғни, экономиканың негізін құрайтын геология саласы стратегиялық шешім қабылдай алмайтын, құзыреті шектеулі, бюрократиялық шырмаумен байланған Үкіметтің комитеті деңгейінде ғана жұмыс жасауға мәжбүр.

Екінші өзекті мәселе мұнай өндіру ісінде қалыптасып отыр. Еліміздегі «Қашаған», «Теңіз», «Қарашығанақ» үш ірі кен орнынан басқа мұнай-газ кен орындарында жыл сайынғы шикізат өндіру көлемі төмендеуде. Мысалы, соңғы бес жылда мұнай-газ өндіру 36 млн тоннадан, 30 млн тоннаға дейін азайып отыр.

Тағы бір қиындық шикі мұнайды өңдеуге қатысты туындап отыр. Мұнай өңдеу қуатын ұлғайту және мұнай өнімдерінің сапасын арттыру мақсатында үш мұнай өңдеу зауытын жөндеуге және жаңғыртуға 2 трлн теңге жұмсалды, бұл ретте мұнай мен газ конденсатын өңдеудің жыл сайынғы көлемі 18 млн тоннадан аспайды.

Еліміздегі ішкі нарыққа қажетті мұнай өнімдерін жеткізуді тек отандық мұнай өндіру компаниялары қамтамасыз етіп отыр. Жоғарыда айтқанымыздай, олардың мұнай өндіру көлемі азаюда. Сонымен қатар, бізде жыл сайын мұнай өнімдерінің тапшылығы байқалады, сұраныс негізінен импорт есебінен жабылады.

> *Бізде жыл сайын мұнай өнімдерінің тапшылығы байқалады, сұраныс негізінен импорт есебінен жабылады. Мұнайдың үстінде отырған мемлекет үшін бұл ақылға сыймайтын жағдай. Іс жүзінде Қазақстан бензин, авиациялық отын, дизель отыны бойынша импорттық отынға тәуелді және 7 жыл ішінде елімізге 6 млн тоннадан астам мұнай өнімдері импортталды. Яғни, еліміздегі жанар-жағармай өнімдерінің дефициті негізінен Ресей мемлекетінен импорттап отырмыз. Бұл мәселені шешетін уақыт келді.*

Мұнайдың үстінде отырған мемлекет үшін бұл ақылға сыймайтын жағдай. Іс жүзінде Қазақстан бензин, авиациялық отын, дизель отыны бойынша импорттық отынға тәуелді және 7 жыл ішінде елімізге 6 млн тоннадан астам мұнай өнімдері импортталды. Яғни, еліміздегі жанар-жағармай өнімдерінің дефициті негізінен Ресей мемлекетінен импорттап отырмыз. Бұл мәселені шешетін уақыт келді.

Сол секілді шикі мұнайды тасымалдау ісінде де шешімін күткен мәселелер бар. Жалпы, еліміздің мұнайын экспорттау саяси-экономикалық мәселе. Сыртқы нарыққа шығарылатын мұнайдың 80 пайызы Каспий құбыр консорциумы арқылы тасымалданады. Бұл маршрут мұнай компанияларына экономикалық тұрғыдан тиімді, ал екінші жағынан, егер бұл инфрақұрылымда форс-мажор жағдай орын алса, еліміздің экономикасында күрделі проблемалар туындайды. Сондықтан тиісті мемлекеттік органдар ықтимал тәуекелдерді азайту бағытында майдан қыл суырғандай етіп, шаруаны реттеу керек. Осы орайда балама маршруттар арқылы мұнай экспорттау көлемін арттыру күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

Энергетикалық қауіпсіздік те айрықша назар аударуды қажет етеді. Соңғы кездегі батыс энергетика торабында орын алған апаттар мұнай-кешеніне айтарлықтай шығын әкелді. Мәселен, 2023 жылы МАЭК-тегі электр станцияларында болған апаттардың кесірінен 2 айда шамамен 400 мың тонна мұнай өндірілмей қалды. 2024 жылы батыс аймақта электр энергиясының өшуіне байланысты республика бойынша 41 мың тонна көмірсутегі өндірілмеді. Сондай-ақ, 2023 жылы мұндай апаттардың салдарынан Атырау мұнай өңдеу зауыты электр энергиясынан 11 рет ажыраса, 2024 жылы 14 рет ажыраған. Бұл сұйытылған мұнай газы мен жанар-жағармай көлемінің азаюына, көп мөлшерде газдың алауларда жағылып, экологияға әсер етуіне әкелді. Энергетика министрлігі мұнай-газ кешені объектілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін Маңғыстау облысының әкімдігімен бірлесіп, «МАЭК»-ті тездетіп модернизациялау, – КЕГОК акционерлік қоғамымен солтүстік және батыс электрэнергетикалық жүйелерін біріктіру жөніндегі жобаны іске асыруды жеделдету, «ҚазМұнайГаз» АҚ-мен Жаңаөзен қаласында жобаланып жатқан гибридті электр станция құрылысын уақытында бітіру қажет.

Ал, экологиялық қауіпсіздікке қатысты мына көрсеткіштер алаңдатпай қоймайды. Мысалы, мұнай-газ кешені елімізде ауаны ластауда энергетика, тау-кен секторынан кейін, жылына 520 мың тонна зиянды заттарды ауаға шығарудан үшінші орында тұр. Көптеген ірі кәсіпорын иелері экологиялық стандарттарды енгізу үшін қаржы салуға және өндірісін жаңғыртуға экономикалық тұрғыдан ынтасы жоқ. Өйткені олардың рұқсат алған эмиссияларының жоспарлы көлемі іс жүзіндегі шығарған көлемнен екі немесе одан да көп. Мысалы, Экология министрлігінің мәліметі бойынша «Теңізшевройл» компаниясының 2024 жылғы жалпы жоспарлы шығарындыларының көлемі 711,214 мың тонна, ал іс жүзіндегі эмиссия көлемі – 150,217 мың тонна. Осындай жағдай НКОК, Атырау мұнай өңдеу зауытында, жалпы еліміздің барлық кәсіпорындарында орын алған. Яғни, компаниялар факт бойынша эмиссияны төлейді де, лимиттен асып отырған жоқпыз деп экологиялық технологияларды енгізуге құлықсыз.

Каспий теңізіндегі кен орындардың айналасына қоршаған ортаның жағдайын онлайн режимде құзырлы органға беріп отыратын автоматтандырылған стационарлық станцияларды орнатудың уақыты келді. Мұндай стационарлық қондырғылар жерде де орнатылуы керек. Сонда ешқандай дау тумайды. Кім бүлдірді, айыппұл төлейді. Бұл халықаралық принцип. Экологиялық талап еліміздегі барлық мұнай-газ компанияларына қатысты.

Біз мұнайды басқа өніммен алмастыра аламыз, бірақ Каспий теңізінің экожүйесін қалпына келтіруге ғасырлар керек болады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

• ТАЗА ЕЛ

«АСТАНА ТАЗАЛЫҚ» ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНУДЕ

Жазда жаңбыры, қыста қары толастамайтын Астананың ауа райы құбылмалы. Ел жүрегі саналған бас қаланың келбеті жыл сайын сұлулана түскендей. Бірақ былайғы жұртқа біліне бермес осындай көркемдіктің артында қаншама адамның жанкешті еңбегі тұр.

Олар – қала тазалығын сақтап, аймақты күніне бірнеше тонна қоқыстан арылтып отырған жандар. Әне, бірі жаяу жүргіншілер жолындағы қоқыс толы жәшіктерді босатып алуда. Енді бірі жол жиегіне желмен келіп тығылған әр түрлі затты сыпырып әлек. Айтпақшы, қараша басынан бері қары ұшқындай бастайтын елорданың тазалығына қажетті еңбек күшінің 10 есе артатынын біз ескеріп жүрміз бе? Мұздыаяқ болып, қар аршу, мұз ою жұмыстарында жанталаса еңбек ететін осы азаматтардың адал жұмысы расымен қоғамдағы көп жалқауға үлгі болары хақ.

Біз тіршілікпен үлкен қаланың тазалығына үлес қосып жүрген мекемеге бас сұқтық. «Астана Тазалық» деп аталатын серіктестіктің негізгі міндеті қандай? Мақаламызда осы жайлы азды-көпті баяндап көрмекпіз.

Жоғарыда айтқандай, қыс түсісімен айына 26-34 мм қар түсетін қалада қарбалас көбейеді. Мекеме басшылығының айтуынша, мұндай мезгілде серіктестік жұмысшылары күшейтілген режимде жұмысқа кіріседі. Дәлірек айтсақ, бір ауысымда, яғни таңғы сағат алтыдан бастап 500-ден астам қызметкер тазалыққа аттанады. Қызметкерлермен бірге екі ауысымда 400 арнайы техника жұмылдырылады екен. Бұған қоса, арнайы келісімшарт негізінде 200-ден аса техника өзге мекемелерден тартылады. Мысалы, кешегі қараша айында «Астана Тазалық» ЖШС 100 мың тоннадан астам қарды қала сыртына шығарған. Бұл – осы уақыттағы былтырғы мәліметпен салыстырғанда бірнеше есе көп.

– Осында 4 жылдан бері қызмет істеймін. Ал серіктесік туралы айтар болсақ, біздің ұжымның тарихы 2008 жылдан басталады. Сол жылы 1 қазанда құрылып, қазір өз жұмысын Астана қаласы бойынша өте жоғары деңгейде атқарып келе жатқанын баса айтқым келеді. Әрине, бұған дейін де елордамыздың тазалығына жауап беретін құзырлы орын болды. Ал кейінгі 16 жылдан бері барлық маусымда өз жұмысын тек санитарлық-тазалық мақсатында қалыптастырған «Астана Тазалық» ЖШС десек, қателеспейміз. Атап айтсақ, тазалық жұмысына қатысты талаптар күшейтіліп, өз қызметкерлерімізге қажетті техникалық көліктер мен жабдықтар қайта жаңартылды, – деп азды-көпті тарихпен таныстырып өтті «Астана Тазалық» серіктестігінің өндірістік-техникалық бөлімі басшысы Ержан Айтмаханұлы.

Оның сөзінше, биыл Германия мемлекетінен соңғы үлгідегі 5 үлкен тазарту жұмысына қажетті техника, сондай-ақ мұз бен тайғаққа қарсы қолданатын екі арнайы жабдық сатып алыныпты. Осындай жаңартудың арқасында қысқы мезгілде тұрғындардың қауіпсіздігі де артқан.

«Дұрысы, қала көшелерінде қар мен жаңбыр кесірінен мұз қатып, тайғақ болғанда көлік пен жаяу жүргіншілер жолына арнайы құм төсеу жұмыстары жүретін. Ал ол көктем келіп, қар еріген тұста, бұл топырақ желмен көтеріліп, біршама тазалық пен табиғатқа нұқсан келтіретіні тағы бар. Ал кейінгі технология арқасында еріткіш тұз қоспаларын пайдалану – мұндай қосымша әрі басы артық жұмыстарды болдырмайды. Айта кетейік, бұл қоспалар сұйық және қатты түрде болады, әрі ол 35 градусқа дейінгі төмен температураға дейін жарамды болып келеді», дейді бөлім басшысы.

Айтпақшы, «Астана Тазалық» серіктестігі қаланың бес ауданынан арнайы база құруды жоспарлап отыр. Ондағы мақсат – жұмысшыларға қажетті барлық керекті құралдарды сақтау, арнайы техникаларды әр аудан бойынша тиісті тазалық жабдықтарын бір жерге шоғырландыру. Демек, қаланың әр ауданында құрылатын мұндай орындар өзіне тиесілі аумақты бұрынғыдай еш кептеліске қарамай, дер кезінде таза ұстауға мүмкіндігі арта түспек.

Бүгінде Астана қаласының 40 пайыз тазалығына жауапты мекеме 227 көшені айнадай таза ұстап келеді. Бұл – 454 шақырым деген сөз. Дұрысы, бас қаланың ең маңызды бөліктері мен қонақтар көп аялдайтын арнайы алаңдардың таза тұруына үлес қосуда. Ескеретін нәрсе, аталған серіктестік қала ішіндегі өзіне тиесілі магистралды жолдар мен көшелерге ғана жауапты. Ал аула іші немесе басқа қоқыстардан арылту – өзге мердігер компанияларға тиесілі көрінеді.

Биыл Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» атты жалпыұлттық акциясы барша халыққа ұнамды болған бірегей бастама болды. Осының арқасында басты мегаполистерден бөлек, әр өңірдегі жұртшылық апта сайын өз аумағын тазалау, күтіп ұстау, көгалдандыру жұмысына белсене қатысып жүр.

«Мемлекет басшысының бұл бастамасы – әр азаматтың көкейіне қонғаны белгілі. Жалпы, кейінгі уақытта отандастарымыздың тазалық мәдениетіне көзқарасы бұрынғымен салыстыруға келмейді. Билік тарапынан қаланы көркейту, көгалдандыру, тазалығын қалыпта ұстау мәселесіне ерекше деп қойылғаны көрініп тұр. Әсіресе, қыс айында қары көп Астананың көлік жүргізушілеріне де жақсы жағдай жасалған. Күні-түні жол тазартатын тиісті техникаларға тыным жоқ. Жол жиегіне дейін қырып, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін ойлайтын сала қызметкерлеріне, жұмысшыларына өз басым алғыс айтамын. Тіпті, олардың әлемдік жиындар жиі өтетін елорданың қарбалас уағында мезгілге қарамай тер төгіп жүрген жанкештілігіне мың рақмет. Тазалық қызметкерлерінің еліміздің сырт мемлекеттен келетін қонақтар алдында абыройы асқақтауына үлесі өте көп»,–дейді қала тұрғыны Бекзат Аманов.

Жылдың төрт мезгілінде тыным таппай, өз міндетіне тиянақты қарайтын «Астана Тазалық» серіктестігінде барлық жұмысшыларға жағдай істелген. Жалақысы тұрақты. Ауырып қалған жағдайда сауықтыру бойынша қаржы қарастырылған. Еңбек демалысы уақытылы беріліп, әр мемлекеттік мереке кезінде қаржылай үстемақы төленеді. Бұған қоса өз ішіндегі үздік қызметкерлеріне де ынталандыру мақсатында сыйақы тағайындайтынын да баса айтуымыз керек. Ұжым мүшелері тазалық мекемелері арасындағы әртүрлі спорттық жарыстарға да қатысып, жүлделілер қатарынан көрініп жүр.

«Арнайы киім мен құралсайман өз уақытында, әр маусымдық кезеңде беріледі. Кешегі қараша айынан бастап жол тазалау жұмысшылары мен көлік жүргізушілеріне бір мезгіл ыстық тамақты ұйымдастыруды қолға алдық. Екіншіден, биыл біздің тазалық мамандары екі рет шет мемлекеттерде болып, атап айтсақ, Германия, Италия, Швейцария елдерінде тәжірибе алмасып қайтты. Сондай-ақ арнайы техниканы пайдалану бойынша конкурсқа екі жүргізушіміз бірінші рет қатысып келді. Ал қараша айынан бастап өз қызметкерлеріміздің біліктілігін арттыру мақсатында түрлі семинарлар, тренингтер ұйымдастырып отырмыз», – дейді Е.Айтмаханұлы.

Салада жүрген мамандардың пікірінше, қоғамдағы әр адам өз отбасы мен өмір сүретін қоғам тазалығына баса мән беру керек. Ал қоқыстың күнделікті пайда бола беретінін ескерсек, оны арнайы белгіленген орынға тастау, дұрысы, жүрген-тұрған жерін бүлдірмеу – кішкентай баладан жасы үлкен қарияларға дейінгі басты қағидат деп қараған абзал.

Иә, қазір адамдардың көзі ашық, көкірегі ояу. Ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін екшейтіндей жөні бар. Бірақ солардың арасында тазалықтың табалдырықтан басталатынын ұқпайтындар бары өтірік емес. Расы сол, кейбірінде «тиісті мекеме тазалауға міндетті» дейтін көзқарас қалыптасып үлгерген. Әрине, олар өз жұмысын онсыз да орындап келеді. Дегенмен, сіз бен біздің туған өлке мен өскен ортамызды таза ұстауда өз міндетіміз барын ұмытпағанымыз абзал.

Шернияз
ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

• ПАЙЫМ

СЪЕЗД МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

2019 жылғы ел Президентінің жолдауында мемлекеттік органдардың, билік органдарының шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағымдану кезінде жария-құқықтық даулардағы айырмашылықты жою үшін, дауды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділетті енгізу қажеттігі айтылды. Онда азаматтар жиі тең емес жағдайларда болады және олардың мүмкіндіктері мемлекеттік аппараттың ресурстарымен сәйкес келмейді.

Қазақстанда 2021 жылғы 1 шілдеден бастап жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс жұмыс істейді, ол процестік заңнаманың бұрынғы нормаларынан түбегейлі ерекшеленеді. АПК нормаларынан мемлекеттік органдармен сот талқылауын регламенттейтін нормалары алынып тасталды.

Әкімшілік әділетті енгізу шеңберінде мемлекеттік органдар мен жеке, заңды тұлғалар арасындағы жария-құқықтық дауларды қарау үшін мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар құрылды. Әкімшілік сот ісін жүргізудің басты міндеті – жеке тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың жария-құқықтық қатынастардағы құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс – Мемлекет басшысының халыққа жолдауында айтылған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі нормативтік құжаты. ӘРПК мемлекеттік органдардың өтініш берушілермен жұмыс парадигмасын түбегейлі өзгертуді көздейді. Мемлекеттік органға қарсы сот ісін жүргізудің стереотипі өзгертілді. Осы кодекстің жаңашылдықтарының бірі –соттың белсенді рөлі. Бұл ӘРПК мен АПК арасындағы айырмашылық.

Қазақстанның әкімшілік соттары жұмысының нәтижелері еліміздің барлық өңірлерінде ғана емес, сонымен қатар, халықаралық аренада да танылды, жария-құқықтық дауларды қарау үздік халықаралық тәжірибелер мен стандарттарға сүйене отырып жүргізіледі. ҚР Президенті әкімшілік соттардың жұмысына Қазақстан Республикасы судьяларының IX съезінде оң баға берді.

Мемлекет басшысы әкімшілік соттардың халықтың сенімін арттырудағы және сот төрелігін іске асырудағы маңызды рөлін атап өтіп, сот істерінің жартысынан көбі азаматтар мен бизнестің пайдасына шешіліп жатқанын, бұл жақсы үрдіс болып табылатынын және экономиканың өркендеуіне, елдегі инвестициялық ахуалды жақсартуға жол ашатынын атап өтті.

Соттардың қызметін одан әрі жетілдіру үшін 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша кассациялық соттар өз қызметін бастайды. Кассациялық соттардың кадрлық құрамы неғұрлым тәжірибелі судьялар қатарынан қалыптастырылатын болады. Кассациялық соттар барлық азаматтар үшін сот төрелігінің қолжетімділігін едәуір кеңейтеді.

2024 жылғы қазанда өткен ҚР Судьяларының IX съезінде ағымдағы жылы судьялар қауымдастығының алдына жаңа міндеттер қойылды.

Съезге Батыс Қазақстан облыстық соты төрағасының міндетін атқарушы Т.Оразова бастаған Батыс Қазақстан облысы судьялар корпусының өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде сот жүйесін, судьялардың өзін-өзі басқаруын, сот ісін жүргізуді, судьялар этикасының жаңа кодексін қабылдау, сот әкімшілігін жетілдіруге бағытталған сот реформасының бағыттары туралы мәселелер қаралды. Съезд Мемлекет басшысы белгілеген және стратегиялық бағдарламалық құжаттарда, оның ішінде құқықтардың үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі сот реформасының негізгі векторлары бойынша шаралар әзірлеуді мақсат етті. Алдыңғы съездердің жүргізіліп жатқан жұмыстары сот жүйесін қалыптастыруға және заңның үстемдігін қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосты. Енгізілген инновациялар сот процестерін қолжетімді, түсінікті, ыңғайлы етті. Өзгерістер сот ісін формализмнен тазартуға бағытталған.

Алтынай ДАВЛЕТОВА,
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

• КЕСЕЛ

Құмар ойындары бүгінгі күні қоғамның басты кеселдерінің бірі болып отыр. Әсіресе, мемлекеттік қызметшілердің құмар ойынға салынуы қоғамды алаңдатуда. Өйткені, бұл мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігі мен сенімділігіне кері әсер етуі мүмкін.

ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ТҮБІ – ҚҰРДЫМ

Сауле ҚОЖАХМЕТОВА,
Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Зерттеу көрсеткендей құмар ойынға берілген адам өз міндеттеріне салғырт қарай бастайды. Демек мемлекеттік қызметші ешқашан құмар ойындарға әуестенбеуі керек. Құмар ойындарын ойнайтын мемлекеттік қызметкерлер тек жеке мәселелермен ғана емес, сонымен бірге олардың жұмысы мен қоғам алдындағы міндеттерімен де ауыр зардаптарға тап болады. Ең алдымен бұл мемлекеттік қызметшінің еңбек өнімділігіне кері әсер етсе, екіншіден лудоманияға байланысты мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық қаупі бар.

Биыл жазда Президент лудоманияға қарсы күреске қатысты заң ақтілеріне түзету енгізу туралы құжатқа қол қойды. Мамыр айында заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспар бекітіліп, оның ережелері жаңа заңның нормаларымен үйлесім тапты. Парламент депутаттарының ұсынысымен қабылданған бұл құжатта құмар ойындарын ойнауға рұқсат берілген адамдардың санын азайтуды көздейтін жүйелі іс-шаралардың біртұтас кешені қарастырылған. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің құмар ойындарға қатысуына тыйым салынған.

Лудоманиядан зардап шегетін мемлекеттік қызметшілерге консультациялық көмек пен терапия қолжетімді болуы керек. Дұрыс алдын алу шаралары, білім беру және жәрдемдесу арқылы лудоманияның әсерін азайтуға және мемлекеттік қызметкерлерге бұл мәселені жеңуге көмектесуге болады.

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінде айқындалған. Кодекске сәйкес мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік биліктің беделіне және мемлекеттік қызметке кір келтіретін әрекеттерге бармай, кез келген жағдайда әдеп нормаларын сақтап, бірінші кезекте елдің, мемлекеттің мүддесіне қызмет етуі тиіс. Демек, әрбір мемлекеттік қызметші лудоманиядан бойын алшақ ұстауға тиіс!

• СОТ СӨЙЛЕСІН

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРДЫ ҚҰРУ ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕН ТУДЫ

Кассациялық соттарды құру мәселесін республиканың заң қауымдастығы ұзақ уақыт бойы талқылады. 2023 жылы кассациялық соттарды құру тұжырымдамасы таныстырылды.

2024 жылғы 5 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңға қол қойды.

Басқа өзгерістермен қатар «ҚР Сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» заң кассациялық соттардың құрылуы туралы тараумен толықтырылды.

Заңнамаға енгізілген толықтырулар 2025 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Заңда кассациялық соттарды Жоғары Сот Кеңесімен келісілген Жоғарғы Сот төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, атын өзгертеді және таратады деп көзделген. Кассациялық соттың өкілеттіктеріне сот істерін және материалдарды кассациялық сатыдағы сот ретінде қарау; сот практикасын зерделеу және оны жалпылау қорытындылары бойынша төменгі тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарау; кассациялық сатыдағы сот ретінде көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

Істер тікелей кассациялық инстанцияға түседі деп жоспарлануда. Алқа үш судьядан тұратын болады. Қаралған сот актілерін қайта қарау, істі талап ете отырып және ауызша сот процесінде тараптарды шақырта отырып, алдын ала қараусыз жүргізілетін болады.

Кассациялық соттың істерді қарау мерзімі алты айдан аспайды. Кассациялық соттың судьясы осы баптың 1-тармағының талаптарына жауап беретін, заң мамандығы бойынша кемінде он сегіз жыл жұмыс өтілі бар немесе судья ретінде кемінде сегіз жыл жұмыс өтілі бар, оның ішінде облыстық соттың судьясы ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар азамат бола алады. Кассациялық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот

А.ИМАНТАЕВА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынысы бойынша ҚР Президенті бекітеді.

Әрбір кассациялық сот үшін судьялардың санын уәкілетті органның ұсынуы негізінде Жоғарғы Сот төрағасы Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша белгілейді. Кассациялық соттарды құру сот төрелігін іске асырудың тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұл халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттырады.

• КИЕ

РУХАНИ НЕГІЗ

Аружан ЖАСАҒАНБЕРГЕН,
Ақтөбе қалалық соты әкімшісінің бас маманы - сот отырысының хатшысы

Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесі маңызды болып отыр. Өйткені мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында қаншама жұмыстар жүріп жатқанына қарамастан, әлі де болса бұл жерде мәселе бар екені аңғарылады. Әсіресе, күнделікті азаматтардың тілдік қарым-қатынаста өзге тілде шүлдірлеуге ұмтылуы бұл ана тіліміздің әлі де болса қолданыстағы тілге айнала алмай отырғанын көрсетеді. Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілін меңгерумен қатар, іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру – бүгінгі күннің өткір мәселесі, заман талабы.

Негізі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін 1993 жылғы Ата Заңда бекітіп, 1997 жылы тәуелсіз Қазақстанның «Тілдер туралы» заңы қабылданған болатын. Аталмыш заң аясында мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында барлық салада қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, іс қағаздарын жүргізу тілі саналады. Десе де көп жағдайда ана тіліміздің осынау өз мәртебесінде пайдаланылмауы еліміз үшін өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру қажеттілігі сезіледі.

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – барлық салада белсенді пайдалана отырып, дамыту, тілдік қолданылу аясын кеңейту. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан тілдік қорымызды үздіксіз жетілдіріп отыру үшін заңдар қабылданып, бағдарламалар жасалған. Арнайы тіл үйрету орталықтары да жұмыс жасайды. Тек қазақ тілінің қоғамдағы қажеттілігін арттыра алсақ болғаны...

• ІНДЕТ

СЫБАЙЛАСТЫҚ – ЕЛ ДАМУЫНА ТЕЖЕУ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал сонымен қатар шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – сыбайластық мәселесі.

Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – жемқорлық. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы жемқорлықпен күресу.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға қаншама уақыт өтті. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Ерген РАҚЫМ,
Орал қаласы №2 сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

• ТАҒЫЛЫМ

Дана халқымыз әрқашан неке қию рәсіміне жоғары деңгейде көңіл бөлген. Оның себебі де жоқ емес. Отбасын құрудың негізі – неке. Мұның заңмен бекітілуі де жай-дан-жай емес. Заңдық тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты – неке деп атаймыз.

ҰЛЫ СЕЗІМНЕН БАСТАЛҒАН ОТБАСЫНЫҢ ҰРЫСҚА БОЛА БҰЗЫЛАТЫНЫ ӨКІНІШТІ

Кейінгі кездері азаматтық неке көбейіп кетті. Неке заңды түрде тіркелмесе де, еркек пен әйел бірге тұрып, балаларын тәрбиелеп жатса, мұны да отбасы деп айтуға болады. Егер кәмелетке толған балалары ата-анасымен бірге тұрып, оларға қамқорлық жасап, материалдық көмек көрсетсе – бұл да отбасы. Кәмелетке толған ағалары мен қарындастары ата-анасыз бірге тұрып, бір-біріне қамқорлық жасайтын болса – бұл да отбасы. Адамдар арасында некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, отбасында тәрбиелеу үшін бала алудан туындайтын қатынастар – отбасылық қатынастар деп аталады. Бірақ отбасындағы қатынастардың бәрі бірдей құқықтық тұрғыдан реттеле бермейді. Отбасындағы қатынастар, негізінен, адамгершілік, ізгілік, өнегелік нормалары бойынша реттеледі. Бұл өзара құрмет, сүйіспеншілік, қамқорлық және имандылық тұрғыдан қолдаудың көрінісі. Отбасылық өмір қалыбы, көбінесе ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сүйенетінін жақсы білеміз.

Махаббат – ұлы сезіммен басталып, кішкентай ғана ұрыспен аяқталатыны баршаға аян. Әр отбасының өзіндік сыры бар. Кейде оларды тұз-дәмі жараспады, мінездері сәйкес келмеді деп жатамыз. Қалай айтқанда да бұл бір отбасы үшін үлкен қасірет екенін білеміз.

Өз құқығын білетін, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар көп. Ақпарат көздерінің дамығаны соншалық, бүгінде ешкім заң білуден кенде емес. Десек те, қаншама отбасының ойраны шығып, неке бұзылып, балалар әбігерге түсіп жатқанын көзбен көріп жүргеніміз ақиқат.

Былтыр қыркүйек айынан бастап некені бұзу алимент өндіру, жас балалары бар ерлі-зайыптылардың дүние-мүлікті бөлісу туралы талап қоюларымен сотқа берілетін істер санаттары кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың соттылығына өткені белгілі. Содан бері мұндай істер саны едәуір көбейді. Өйткені, Түркістан облысында 2 миллион 100 мыңнан астам тұрғын бар.

Статистикаға сүйеніп айтар болсақ, егер 2023 жылдың соңына дейін сот өндірісіне 572 неке бұзу ісі түскен болса, биыл он бір айда 1552 іс түсіп, қаралуда. Әр істің артында кемінде үш адам тұрады. Қаймағы бұзылмаған киелі өңірде отбасылардың басым бөлігі көпбалалы болатыны белгілі. Сондықтан судьяларға жүктелетін міндет зор. Бұл орайда судьяларға қойылған ең басты мақсат – отбасыны сақтау, әрбір жас шаңырақтың шайқалмауына ықпал ету деп түсінеміз біз.

Махаббат – ұлы сезіммен басталып, кішкентай ғана ұрыспен аяқталатыны баршаға аян. Әр отбасының өзіндік сыры бар. Кейде оларды тұз-дәмі жараспады, мінездері сәйкес келмеді деп жатамыз. Қалай айтқанда да бұл бір отбасы үшін үлкен қасірет екенін білеміз.

Ажырасу арқылы некенің тоқтатылуы АХАТ органдары немесе сотта заңда белгіленген тәртіп бойынша іске асырылуы мүмкін. Некені бұзу АХАТ органдарында ерлі-зайыптылардың біріккен және жекелеген ерекше жағдайларында жұбайлардың біреуінің өтініші бойынша жүргізіледі. Ал сотта некені бұзу ерлі-зайыптылардың екеуінің бірлескен, сондай-ақ жұбайлардың біреуінің өтініші бойынша жүргізіле береді. Некені бұзу үшін мынадай үш шарттың болуы қажет: АХАТ органдарында ерлі-зайыптылардың некені бұзу жөніндегі өзара келісімі; кәмелетке толмаған балаларының болмауы; бір-біріне мүліктік және өзге де талаптарының болмауы.

Некені бұзу процесі АХАТ органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуді қажет етеді. Тіркеу некені бұзу жөніндегі өтініш берілген күннен бастап бір ай өткенде жүзеге асырылады. Бір ай мерзім ерлі-зайыптыларға қабылдаған шешім туралы тағы да әбден ойланып-толғану үшін беріледі. Некені тіркеу үшін берілетін мерзімнен айырмашылығы – некені бұзған кезде оның мерзімі ұзартылып не қысқартылмайды. Ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені АХАТ органдарында бұзумен қатар, заң жұбайлардың біреуінің өтініші бойынша некені бұзудың қарабайыр оңайлатылған тәртібін де белгілейді.

Сәкен АБСАМАТОВ,
Түркістан облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Татуластыру – мақсат емес, ол отбасын сақтаудың амалы ғана. Сондықтан да бұл міндетті орындау мүмкін болмаса және балаларды не жұбайларды қорғау мүдделеріне қайшы келетін болса, онда сот некені бұзады.

Егер айырылысатын ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған балалары болып және жұбайлар ол балалардың кіммен қалатындығы жөнінде келіспеген жағдайда, бұл ата-анасының біреуімен қалатындығы жөнінде не баланың ата-анасының әрқайсысымен қалатындығы жөнінде (егер екі бала не одан көп болса) шешім шығара алады. Соның өзінде сот кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін ғана ескеруі керек.

Сондай-ақ балалардың мүдделерін және болашақ ананың денсаулығын қорғау мақсатында заңның 15-бабында мынадай қағида көзделген: «Әйелдің жүкті кезінде және нәрестенің бір жасқа толмаған кезінде әйелдің келісімінсіз некені бұзуға болмайды». Айырылысатын жұбайлар ортақ мүліктерді бөлісу жөніндегі мәселені кейбір жағдайларда өздері дербес шешеді. Бірақ ерлі-зайыптылар келісімге келмеген жағдайда мүліктерді бөлуді сот іске асырады және әдетте, оларды тең бөледі. Егер де некелік шартта мүліктерді бөлісу мәселесі қарастырылған болса, онда сот мүлікті екі жақтың не бір жағының талабы бойынша осы келісімшартқа сәйкес бөледі.

Неке – бір отбасының кішкене ғана одағы. Қай-қайсысымыз болсақ та шаңырақтың шайқалмауын қалаймыз. Жарасымды жаңұя бұзылмаса, жас балалар жыламаса дейміз.

• НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

КРИПТОВАЛЮТАСЫ БАР АЗАМАТТАР ҮЛЕСІ 8 ПАЙЫЗҒА ЖЕТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Келесі жылы жүйе сынауға дайын болады деп және «криптокарттардың» алғашқы иелері оларды сынай алады деп жоспарлануда.

«Біздің сауалнамаға және нарық қатысушыларымен сұхбатқа сәйкес, Қазақстанда цифрлық активтерді дамыту үшін негізгі кедергі банктік қызметтерге шектеулі қолжетімділік болып табылады. Көптеген банктер бұл саладағы компаниялармен жұмыс істеуге дайын емес, оларды тәуекелді клиенттер ретінде қабылдайды, бұл аударымдар мен шоттарды жүргізуді қиындатады», – деп атап өтті Rise Research негізін қалаушы Айнұр Жантурина

Қазіргі уақытта Қазақстанда криптовалюталардың енуі туралы деректердің бірыңғай ресми көзі жоқ және бағалауы әр түрлі. Қазақстан азаматтарының криптовалюталарды ұстауды жалғастыруының негізгі себептері, криптовалюталарды капиталдандырудың өсуі, оларға алыпсатарлық және инвестициялық мақсаттардағы қызығушылықтың артуы, сондай-ақ қаржылық айқындылық пен инклюзивтілікті арттыру үшін блокчейн технологиясының әлеуетіне сенім болып табылады.

Қазақстанда криптовалюта нарығын дамыту үшін негізгі кедергілер банк жүйесімен баяу интеграция және корреспонденттік банктер арқылы аударымдармен проблемалар болып табылады. Бұл факторлар криптовалюталарға Фиат-крипто транзакцияларын өңдеуді қиындатады, осылайша саланың дамуын баяулатады. Басқа кедергілердің қатарында халықтың шектеулі хабардарлығын, сондай-ақ нарық өтімділігінің өсуін тежейтін криптовалюта сатушыларының тапшылығын атап өтуге болады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

• МӘСЕЛЕ

ЛУДОМАНИЯНЫҢ ДАУАСЫН ТАБУ ҚИЫН

Ойынқұмарлық – аса қауіпті психологиялық дерт. Оның салдары наркоманиядан да ауыр. Себебі, наркологиялық, ішімдік пен шылымға тәуелділіктен адамдар емделіп жатса, ойынқұмарлықтың дауасын табу қиынға соғады. Бүгінгі таңда халықаралық классификация бойынша лудомания аурулар тізіміне енгізілген. Кейінгі кезде казинонның, ақшалай ойын автоматтарының таралуына байланысты құмар ойындар өзекті мәселеге айналуда. Олардың барлығы қысқа уақыт ішінде жеңіл ұтыс мүмкіндігінің суггестивті әсері күшеюіне мүмкіндік туғызады.

Лудоманияның қалыптасуына жалғыздық, қанағаттанбаушылық, оңай олжа сезімі, әрқилы тәуелділіктерге тез ергіштік және айқындалу дәрежесі әрқилы психикалық бұзылыстар түрткі болады. Жалғыздық сезімі адамды алғаш рет ойнауға итереді, ойын процесінде алынған әсер мен түйсіну адамды қайталап ойнауға мәжбүр етеді.

Қанағаттанбаушылық сезімі адамды өзін ойында көрсетуге мәжбүрлейді. Өмірде өзіне өзі наразы болып, шынайы өмірге қарағанда, ойында жеңіске қол жеткізу жеңіл болғандықтан, адам өзінің қабілетін барынша ойында көрсеткісі келеді. Сондай-ақ ойындағы жетістіктері неғұрлым мол болса, соғұрлым ол осы ойынға қайта-қайта оралғысы келеді.

Құмар ойынға шамадан тыс әуесқойлық ер адамдарда жиірек кездескенімен, әйелдерде бұл аддикция одан ауыр формада қалыптасады. Әйелдер қауымының құмар ойынға душар болуына ең жиі тараған себеп – жеке басындағы мәселелерден алыстау үшін ойынға кетуге тырысу.

Бұл ауру адамды жақындарынан алыстатып, өмірден ажыратады. Бірақ, оны ойынға берілген адам байқамауы да, мойындамауы да мүмкін. Ойынқұмарлық адамның денсаулығына, жеке өміріне, отбасындағы қарым-қатынасына, жұмысына, достарының арасындағы сенім, абырой-беделіне тікелей әсер етеді.

Қандай да болсын ойын рақат сезімін тудыратыны анық. Ойын барысындағы құмарлық, адреналиннің көп бөлінуі миды ширатады, осының салдарынан лудоманияға шалдыққан науқас үйреншікті дүниеге қызықпайтын болады және оның өмірінде тек ойын ғана қалады. Ойынға шалдыққан науқас өзі үзе алмайтын шеңбер ішінде өмір сүреді. Ол өзін де, өзінің қалауын да билей алмайды. Біртіндеп ықылас, эмоция, жақындарға деген сүйіспеншілік кетіп, адам жай ғана роботқа айналады.

Динара ШАБДАНОВА,
Астана қаласы бойынша Сот әкімшілігі департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл

«Ең қауіпті әлеуметтік кеселдің бірі – лудомания. Құмар ойынға тәуелділік көптеген азаматты орға жығып, қарызға белшесінен батырады, отбасының шырқын бұзады, қылмысқа, суицидке итермелейді», – деді Мемлекет басшысы.

Лудомания – бір күндік күрес емес. Дегенмен де, заң арқылы халықтың ойынға тәуелділігін төмендетуге бағытталған шектеуші нормалар енгізіліп, ойын бизнесін ұйымдастырушылардың қызметін реттеу тетіктерін күшейту бағытында бірқатар шаралар қабылданбақ. Бұл осы қауіпті құбылыспен күресте және жас ұрпақты құмар ойынның зиянды ықпалынан қорғау бағытында қабылданатын шаралар болмақ.

• ПӘРМЕН

«ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ»

Қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген аталы сөзін Алакөл ауданының №2 сотының ұжымы берік ұстанада. Ал сот мәжілісі залдарындағы қауіпсіздік пен тәртіпті қадағалау сот приставтарының тікелей міндеті.

Конституцияға негізделе отырып жасалған «Сот приставтары туралы» заңның 1-бабы 1-тармағында «Сот приставы – мемлекеттік қызметте істейтін және өзіне осы заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам» деп нақтыланған. Төл міндетімді мінсіз атқарудамын. Түрлі мәселелермен сотқа жүгінетін жеке және заңды тұлғаларға заңнамада көрсетілген міндеттерді жан-жақты түсіндіргендіктен, сот ғимаратында тәртіп сақталуда.

Қалыптаса бастаған жұмысымызда заңды білу, сыйлау және құрметтеуден тұратын құқықтық мәдениет берік орын алады. Біз ешкімді тәртіпті сақтауға міндеттемейміз. Жылы шыраймен, ілтипатпен, мінсіз қызмет көрсете отырып өзгелерді тәртіпті сақтауға, құқықтық мәдениет шеңберінен шықпауға үндейміз. Қарапайым халыққа жүз рет айтқаннан гөрі, ортақ тәртіптің үлгісін бір рет көрсеткен анағұрлым пайдалы.

Қандай да бір мәселемен сотқа арыз, шағым, өтініш түсіріп, сот алды тыңдауына, сосын сот отырысына келетін адамдарды зиялы қауым өкілі, қарапайым тұрғын деп бөлмейміз, алаламаймыз. Сотқа жүгінген тараптар ретінде заңнама шеңберіндегі әрекетімізді жасаймыз. «Ел құлағы елу» демекші, бізде қалыптасқан тәртіпті, жақсы үрдісті адамдар бір-біріне айтатындықтан да болар, сотқа жүгінушілер теріс мінез көрсетпей, мәдениеттілігін танытып, ортақ тәртіпке бағынады.

Қазақта «Бұлақ басынан тұнады» деген жақсы сөз бар. Төрағамыздың көрсеткен үлгілі ісімен қызметкерлеріміз бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс орнатып, аудандық сотта атқарылған және атқарылып жатқан жұмыстарымызды үздіксіз жариялап отырады. Бұл шалғайдағы аудандық сот жүйесінде жариялылыққа жарқын жол ашылғанының бір дәлелі болып саналады.

Маратхан ЗӘУРЕНБЕКОВ,
Алакөл ауданы №2 сотының аға сот приставы

Бір ғана мысал ретінде мемлекеттік тілде таза сөйлеп, жазудан бастап, әр салада тармақтала атқарған жұмысымызды көрсететін мақалаларды республикалық «Заң газеті» жариялап тұратынын айтуға болады. Тұрғылықты мекенжайымызға да арнайы жаздырып алатын осы газеттің тұрақты оқырманы болғандықтан, басылымнан аларымыз мол. Республиканың түкпір-түкпіріндегі әріптестерімізбен осы басылым арқылы тәжірибе алмасып, өзге өңірлердегі сот жұмысымен танысып отырғанымызды да айта кеткеніміз жөн.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Ұлттық банктің соңғы деректеріне сәйкес, банктер жеке мақсаттарға арналған несиелер бойынша 13,1 трлн теңге көлемінде қаржы бөлген. Бұл көрсеткіш жыл басындағы 10,3 трлн теңгеден 27,2%-ға артқанын көрсетеді. Қазақстанда банктер мен микроқаржы ұйымдары арқылы халықтың несиеге деген сұранысы артып келеді.

«ТАБЫСТЫҢ ӨСПЕУІ ҚАРЖЫЛЫҚ ДАҒДАРЫСҚА ӘКЕЛУІ МҮМКІН»

Өңірлер арасында ең көп қарыз алған – Алматы тұрғындары. Олардың несиелік қарызы 4,06 трлн теңгені құрап, 23,03%-ға өскен. Екінші орында Астана тұрғындары – 1,37 трлн теңге (+30,5%), ал Шымкент халқының қарызы 1,04 трлн теңгеге (+25,4%) жеткен. Тұтынушылық несиелер көлемі бойынша Қарағанды облысы 754,5 млрд теңге (+23,1%), Ақтөбе облысы 554,3 млрд теңге (+28,9%) және Маңғыстау облысы 522 млрд теңге (+26,2%) көрсеткіштермен алда келеді. Ең аз несие алған аймақтар – Солтүстік Қазақстан (173,6 млрд теңге) және Ұлытау облыстары (124,8 млрд теңге). Елімізде жыл сайын қарыз беру шарттары қатаңдатылып, мақұлдау талаптары күшейгеніне қарамастан, кепілсіз тұтынушылық несиелер саны өсуде. Екінші деңгейлі банктердің үшінші тоқсанда мақұлдаған несиелері арасында ірі кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі 51%-ды, ипотека – 44,5%-ды, орта кәсіпкерлік – 41,5%-ды, шағын кәсіпкерлік – 35,3%-ды, кепілге салынған тұтынушылық несие – 30,6%-ды құраған. Ал кепілсіз тұтынушылық несиелер мақұлдау деңгейі бойынша ең төмен – 28,7%.

Халықаралық валюта қорының мәліметіне сәйкес, Қазақстанда үй шаруашылығының қарыздарының ІЖӨ-ге қатынасы 13,6%-ды құрайды. Бұл көрсеткіш Ресейде 21%-дан жоғары, ал Қытайда 64,5%-ға жеткен. Мамандардың айтуынша, Қазақстандағы қарыз жүктемесі басқа елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Мемлекеттік кредит бюросының деректеріне сүйенсек, елімізде 8,6 млн-нан астам адам қарыз алушы ретінде тіркелген. Бұл халықтың несиелік өнімдерге деген жоғары қызығушылығын көрсетеді.

Осы тақырып бойынша DAMU Capital Management ЖШС-ның бас директоры Мұрат ҚАСТАЕВТЫ сұхбатқа тартқан едік.

– Халық арасында несие алу деңгейінің артуы экономикаға қалай әсер етеді?

– Халықтың тұтынушылық несиелері банктердің несие портфеліндегі ең қарқынды өсім көрсететін сегментке айналды. Шын мәнінде, банктердің табысының айтарлықтай бөлігі осы несиелер есебінен қалыптасып отыр. Экономикалық тұрғыдан бұл жағдайдың оң және теріс жақтары бар.

Оң әсерлерін қарастыратын болсақ, несиеге алынған тауарлар мен қызметтерді сататын кәсіпкерлердің табысы артады, банктердің кірісі ұлғаяды, осылайша экономикаға жаңа жұмыс орындары құрылады. Экономикадағы ақша көлемінің көбеюі экономикалық өсімге жол ашады. Дегенмен, теріс әсері де жоқ емес. Несиелердің өсуі халықтың қарыз жүктемесін арттырады. Несие алған адам қарызын пайызымен қоса өтеуі керек. Бұл жағдайда халық табысының өсуі маңызды, себебі табысы өспей, несиелер көбейе берсе, қаржылық тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін.

Жыл басынан бері несие көлемі 27%-дан астамға өскенімен, халық табысының дәл осындай деңгейде өсуі екіталай. Бұл халықтың қаржылық жағдайының нашарлауына және қарыз жүктемесінің өсуіне алып келуі мүмкін. Алайда, банктер мен микроқаржы ұйымдарының есептеріне сәйкес, төленбеген несиелердің үлесі қазір өспеген. Бұл халықтың қаржылық қиындықтарға қарамастан, несиелерін төлеуге тырысатынын көрсетеді. Дегенмен, несие жүктемесі белгілі бір шегіне жетсе, экономика үшін қауіпті жағдайлар туындауы мүмкін. Сол себепті бұл процесті бақылауда ұстау қажет.

– 27,2% өсімнің негізгі себептері қандай деп ойлайсыз?

– Тұтынушылық несиелердің 27,2%-ға өсуінің басты себебі – халықтың тұтынушылық қажеттіліктерінің артуы. Бүгінгі күні көптеген адамдар өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін несие алуға жүгінеді. Бұған банктердің несие беру шарттарын жеңілдетуі және жарнамалық кампаниялар да әсер етті. Сонымен қатар, бұл өсімнің бір себебі ретінде халық жалақысының нақты құнының төмендеуін айтуға болады. Инфляцияның әсерінен халықтың сатып алу қабілеті төмендеп, күнделікті қажеттіліктерін жабу үшін несие алуға мәжбүр болады. Бірақ бұл – ұзақ мерзімді перспективада қауіпті үрдіс. Егер халық табысы сәйкес деңгейде өспесе, бұл қаржылық дағдарысқа әкелуі мүмкін.

– Несиелердің халыққа әсерін азайту үшін қандай шаралар қажет деп ойлайсыз?

–Халықтың несиелік жүктемесін азайту үшін бірнеше маңызды шараларды қолға алу қажет. Біріншіден, банктердің несиелік портфелін әртараптандыру керек. Яғни, несиелердің басым бөлігі халыққа емес, отандық өндірушілер мен кәсіпкерлерге бағытталуы тиіс. Бұл импортты азайтуға және отандық өндірісті дамытуға мүмкіндік береді. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу агенттігі кепілсіз несиелердің шектеуін күшейту, несиелерді табыспен байланыстыру сияқты шараларды тиімді қолдануы керек. Бұл халықтың шамадан тыс қарыз алуының алдын алады. Үшіншіден, мемлекеттің экономикадағы үлесін азайтып, квазимемлекеттік сектордың әсерін төмендету маңызды. Қазіргі таңда мемлекеттік құрылымдар бизнеске арналған жеңілдетілген несиелерді көп мөлшерде таратып, банктерді осы саладағы бәсекелестіктен ығыстырып тастады. Егер мемлекет бұл процесті банктердің қарамағына берсе, нарықтық механизмдер арқылы несие шарттары жақсарар еді.

– Қазақстандағы несие беру саясаты шетелдік тәжірибелермен салыстырғанда қаншалықты тиімді?

– Қазақстанда үй шаруашылығының қарыздарының ІЖӨ-ге қатынасы 13,6%-ды құрайды. Бұл көрсеткіш көрші Ресейде 21%-дан жоғары, ал Қытайда 64,5%-ға жеткен. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы несие жүктемесі салыстырмалы түрде төмен. Бірақ бұл оң көрсеткіш деп толық айтуға болмайды. Себебі, халықтың табысы жоғары болмаса, төмен қарыз жүктемесі де қаржылық қиындықтарға әкелуі мүмкін. Шетелдік тәжірибеге қарасақ, экономикасы дамыған елдерде халықтың табысы мен несиеге қолжетімділігі арасында тепе-теңдік сақталған. Қазақстанда осы бағытта реформа жүргізу қажет. Әсіресе, халық табысының өсуіне баса назар аударылуы керек.

– Тұтынушылық несиелердің импорттық тауарларға жұмсалуы экономикаға қалай әсер етеді?

– Бұл өте маңызды мәселе. Көптеген тұтынушылық несиелер импорттық тауарларды сатып алуға жұмсалады. Мысалы, ұялы телефон, тұрмыстық техника, жиһаз сияқты шетелдік өнімдерге сұраныс жоғары. Бұл елдегі импорт көлемін арттырып, ұлттық валютаға қысым түсіреді. Импорттық тауарларды сатып алу үшін шетел валютасы қажет. Сондықтан доллар мен еуроға деген сұраныс артып, ұлттық валютаның бағамы төмендейді. Бұл өз кезегінде халықтың сатып алу қабілетін нашарлатады және тұрмыс деңгейіне кері әсер етеді. Осы мәселені шешу үшін банктер несиелік ресурстарын отандық өндірісті қолдауға бағыттауы қажет. Бұл импортты алмастыруға, теңге бағамын тұрақтандыруға және халықтың табысын арттыруға мүмкіндік береді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

• МЕРЕЙ

ТӘУЕЛСІЗДІК – АЙБЫНЫМ

Тәуелсіздік – еліміздің басты құндылығы. Өйткені, тәуелсіздіктің арқасында қазақтың тарихы түгенделіп, тілі, діні және ділі қайта жаңғырды. Мемлекеттік рәміздер қабылданып, ұлттық салт-дәстүрі жанданды. Тәуелсіз елде ешкімге тәуелді емес елдің ұрпақтары өсіп келеді. Бұл шын мәнінде баға жетпес байлық.

Г. САРЫБАЕВ,
Алатау аудандық сотының судьясы

Биыл еліміздің тәуелсіз ел атанғанына 33 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде еліміз дамудың үлкен сатысынан өтті. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Отыз жыл ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасалып келеді. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Сондықтан тәуелсіздігіміздің қадірін білуіміз керек.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата-бабамыздың орындалған арманы, сарғайып күткен сағынышы. Тәуелсіздік таңын аңсаған ата-бабаларымыздың асқақ арманы талай жылғы күрестен соң орындалды. Сондықтан да тәуелсіздік тарихы арнайы әңгімеге үздіксіз тиек боларлықтай ұлы тақырып екендігін қазіргі ұрпақ ешқашан естен шығармауы керек. Тәуелсіздікке ынтымағы жарасқан, ауызбірлігі берік халық қана қол жеткізе алатынын өткеніміз нақты дәлелдеп берді. Осы орайда бірігіп Тәуелсіздігіміз айбынды, еліміздің еңсесі биік болуы жолында қызмет етуіміз керек!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• ТҮЙТКІЛ

«БОЙЫ БҰЛҒАҢ, СӨЗІ ЖЫЛМАҢДАР» КӨБЕЙДІ

Нұргүл МЕНДИБАЕВА,
Ақтөбе қаласының №2 сотының бас маманы

Алаяқтық – алдау немесе сенімге кіру арқылы бөтеннің мүлкіне қол сұғу, не болмаса бөтен мүліктің құқығына ие болу арқылы іске асатын қылмыстың түрі. Алаяқтықтың негізгі мақсаты – өзі құрбан етіп отырған адамды алдау, сол арқылы өзіне ақша, мүлік, басқадай нәрселердің құқын ерікті түрде бергізу.

Сот табалдырығын аттаған азаматтардың айтатын арызы, қоятын талабы әртүрлі. Алуан тағдыр түйіскен төрелік алаңында соңғы кездері алаяқтыққа байланысты қаралатын істер көбейіп отыр. Бір өкініштісі, олардың мазмұны да бір-бірінен соншалықты өзгеше емес. Бәрі де арзан үй алу, жер теліміне иелік ету, қолжетімді баспанадағы кезекті алға жылжыту, жұмысқа орналастыру секілді жаттанды тақырыптың аясынан шықпайды. Мұның өзі азаматтардың әлі де болса ертегіге сенетінін, құқықтық сауатының төмендігін көрсетсе керек.

Алаяқтық адам психологиясын және оның әдеттегі әрекетін жақсы білуге негізделген. Бұл арада адамгершілік туралы әңгіме болмайды. Олар өз әрекетін алдын ала ойлап істейді. Оның тәсілдері мүлде қарапайым болуы да мүмкін. Кейде олар, топ болып әрекет етіп, өз құрбандарын алдын ала жоспарға сәйкес үгіттеп, алдайды. Олар адамның бір нәрсеге қызыға қарау, әуестік тәрізді психологиялық ерекшелігін ескеріп, соны пайдаланып кетеді. Жылдам шешім қабылдау қажет болғандықтан зардап шегуші оның ұсынысын қабылдауға мәжбүр болады. Жапа шеккен адамдар әдетте: «Не болғанын түсінбей қалдым», «Гипноз жасады ғой деймін», «Ол сондай сенімді сөйлегендіктен нанып қалдым»,– дейді. Адамдар алданбаймын деп тұрса да, ондай жылпостардың айтқанын қалай істеп, жетегінде кеткенін білмей қалады. Былтыр, яғни 2023 жылы сотқа 148 алаяқтарға қатысты қылмыстық іс түсіп, 134 қылмыстық іс қаралып аяқталған. Өкінішке қарай, оның ішінде 28 қылмыстық іс әйел адамдарға қатысты болып тұр. Алаяқтықпен ұрлық жасап ісі сотқа жіберілген әйел адамдардың жас шамалары 25-55 жас аралығында.

Қаралып аяқталған істердің ішінде 118 адамға қатысты 110 қылмыстық іс бойынша айыптау үкімі шығарылған, соның ішінде 37 үкім, яғни, 40,7 % әйел адамға қатысты.

Сот тәжірибесі көрсетіп тұрғандай, алаяқтар әртүрлі сылтау мен зәбір көрушілердің мүлкін толық немесе жартылай алып, өз уәдесін қысқа мерзімде орындауға сөз береді.

Қорыта айтқанда қылмыстың түрлері көбіне-көп әйел адамдардың, яғни нәзік жандылардың қолдарымен істелініп жатқаны алаңдатады. Сырт көзбен қарағанда ол адамдардың түр-түстері тартымды, жат қылықтарға қимайтындай болып келгенімен, мұндай адамдар әркімнің сеніміне әбден кіріп көбінесе пәтер, жер алып берем, жұмысқа, оқу орындарына орналастырам деп алдап, адамдардың жинап-терген ақшаларын бір сәтте алып кетіп жатады. Осындай «бойы бұлғаң, сөзі жылмаң» адамдардан сақ болу керек дегім келеді.

24. Конго–Қырым геморрагиялық қызбасы (ККҚ) - бұл вирус қоздырғышынан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру, науқас дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда, өлім жағдайына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Аурудың алдын алу үшін табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қоражайлар мен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру. Табиғи ошақтарда орналасқан тұрғындар малдарды күтіп қарағанда және қырқым кезінде кенелердің шабуылынан және кене қанымен жанасты болдырмау мақсатында жеке қорғану үшін арнайы киім кию қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған аяқ және бас киім, резіңке қолғап). Табиғатқа демалысқа шыққанда кененің жабысқаны көрінетін ашық бір түсті киім кию, жақсы қорғалған резеңкелі манжетті жеңі ұзын көйлек, ұзын балақты шалбар кию қажет. Денеге кененің жабысқанын тексеру үшін өзіңіз және өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш бөлігі, дененің артқы жағы т.б.) бір-біріңіздің үстеріңізді мұқият қарап отыру қажет. Кенелердің шабуылынан қорғайтын сыртқы қолданысқа арналған рұқсат етілген аэрозольді шашыратқыш құралдарын қолдану қажет. Кене шаққан немесе кенемен жанаста болған жағдайларда міндетті түрде жергілікті емдеу мекемелеріне барып, 14 күн медициналық бақылауда болуыңыз қажет.

Ауырып ем іздегенше – ауырмайтын жол іздеңіз!

Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі екенін ұмытпаңыздар!

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының Кентау қалалық дезинфекциялық секторының
нұсқаушы-дезинфекторы
А.С.Кулмурзаева

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. «Nurse Express» ЖШС (БСН 100840008659) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Тілендиев көшесі, 225-үй, 5-пәтер.

5. «Innovation Production LLP» ЖШС (БСН 111140003974) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев көшесі, 29Д үй, тел. 87755630818.

6. «Moms baby» бөбекжай балабақшасы» ЖШС (БСН 240840016579) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жартытөбе ауылдық округі, Төңкеріс ауылы, Тұрмахан ата көшесі, 1А ғимарат, тел. 87755827979.

11. «BetaTech» (Бета Тех) ЖШС (БСН 240740025029) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050000, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Абай ықшам ауданы, Алтын Орда көшесі, 6/30 үй, 3-пәтер, тел. 87086521281.

12. «Fajar» ЖШС (БСН 171040005541) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Тобольская көшесі, 124-үй, тел. 87082292935.

13. «RBS service group» ЖШС (БСН 200740019205) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы Арыс қаласы, Әл-Фараби көшесі, 5-үй, 39-пәтер, тел. 87475808955.

15. «Микрофинансовая организация «КАЗЫНА КРЕДИТ» ЖШС (БСН 050740003652) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Ихсанов көшесі, 38-үй.

27. «Қарғалы-С» ЖШС (БСН 040240012126) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ОҚО, Ордабасы ауданы, Төрткөл ауылы, Жібек Жолы көшесі, 1-үй, пошта индексі 160600.

28. «Сардорхожа» ЖШС (БСН 230240035383) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауылдық округі, Тұрбат ауылы, Бақыт көшесі, 49-құрылым, пошта индексі 160300.

29. «Aygerim Korea» ЖШС (БСН 200140034425) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Саялы ықшам ауданы, 102-үй, 22-пәтер.

